МҒТАР 16.31.41 DOI: 10.59102/kufil/2025/iss2pp91-105

А.Қ. Жұмабекова[1], А.М. Куркимбаева[2], Н.Р. Шенгелбаева[1], А.З. Мухитов[1]
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, 050010, Қазақстан Республикасы
[2]Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, 050000, Қазақстан Республикасы

АУДАРМА САПАСЫН БАҒАЛАУ: ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР

Кез келген қызметтің сапасын бағалау сол қызметтің негізгі көрсеткіші болып табылады. Ал Қазақстандағы ғылыми және оқу саласында аударма сапасын бағалауды (бұдан әрі – АСБ) жетілдіру бойынша ұсынымдарды шетел ғалымдарының тұжырымдарына сүйене отырып зерттеу жұмыстарын жүргізу, АСБ-дың нақты критерийлерін қалыптастыру, тарату және енгізуге дайындау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Қазақстанда бұдан бұрын жасалған аудармаларға тұтынушылардың қанағаттануы бойынша ресми түрде әлеуметтік зерттеу жұмыстары жүргізілмеген, сондықтан «сыртқы сапаны бағалау» ұғымын енгізу еліміздегі аударма ғылымы мен дидактикасы үшін жаңалық болмақ.

Ғылыми жобаның мақсаты – аударма тұтынушыларының көзқарасы бойынша ғылыми аударма сапасын сыртқы бағалау процедурасын әзірлеу және жүзеге асыру. Ұлттық аударма бюросы қоры басып шығарған, қазақ тіліне аударылған 5 филология оқулығын пайдаланушылардың сыртқы АСБ ретіндегі реакциясына талдау жүргізу.

Ғылыми және білім беру аудармасының сапасына сыртқы бағалау жүргізу үшін әлеуметтік лингвистикалық ретроспективті әдістер қолданылды (филология, аударматану пәндерінің оқытушыларымен сұхбаттасу және қазақстандық жоғары оқу орындарының студенттерімен мазмұнды талдау түріндегі сауалнама жүргізу).

Сауалнама нәтижелері жалпыланған топтық объективті пікір алу және оның жүйелілік дәрежесін бағалау үшін статистикалық әдістерді қолдану арқылы өңделді.

Кілт сөздер: аударма сапасын бағалау, аударматану, аударма талдауы, қазақ тілі, ағылшын тілі, әлеуметтік лингвистикалық сауалнама.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Зерттеу жұмысымыздың негізі болып отырған аударма сапасын бағалау (бұдан әрі – АСБ) қазіргі уақытта қазақ аударматану саласында енді қолға алынып жатқан күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Әрине көршілес Ресей мемлекеті мен өзге де шетелдерде аударма сапасын бағалауға қатысты біраз ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізіліп, нәтижелері аударма тәжірибесінде қолданылып келеді. Әйтсе де аударманың сапасын бағалауға қойылатын критерийлерге қатысты талас турдыратын мәселелер де баршылық. Оның бірден бір себебі аударма сапасын бағалауға қатысты аударматанушы ғалымдар өз тарабынан әртүрлі жіктемелер ұсынады.

Аударма сапасын бағалауға қатысты ғылыми еңбектерді зерделеу барысында, аталмыш сала бойынша зерттеу жұмыстары батыс ғалымдарының еңбектерінде терең қарастырылған. Аударма сапасын бағалауға алғаш ден қойған белгілі ғалым – Юджин Найда. Аударматану ғылымында Юджин Найда — функционалдық аударма теориясының негізін қалаушылардың бірі [1]. Оның көзқарасы бойынша, аударма процесінің түпкі мақсаты – түпнұсқа мәтін мен оның аудармасының қабылдаушы аудиторияда бірдей немесе ұқсас әсер тудыруы. Бұл қағида аударма сапасын бағалаудың басты критерийі ретінде қарастырылады.

1980-жылдары аударматану ғылымында маңызды теориялық бетбұрыс ретінде Ганс Вермеер (Hans J. Vermeer) ұсынған скопос теориясының дамуы аударма сапасын бағалаудың дәстүрлі тәсілдерінен өзгеше бағытты қалыптастырды [2]. Бұл теория аударманы тек лингвистикалық эквиваленттік тұрғысынан емес, прагматикалық және мақсатқа бағдарланған әрекет ретінде қарастырады. Г.Вермеердің пайымдауынша, аударманың сапасы оның түпнұсқа мәтінге сәйкестігімен емес, белгіленген мақсатқа қаншалықты тиімді қызмет ететінімен анықталады. Аударма процесі барысында аудармашы алдымен аударма әрекетінің контекстін, мақсатты аудиторияны, мәтіннің қолдану саласын және коммуникативтік жағдайды ескеруі қажет. Осылайша, аударма мәтіні толықтай оның прагматикалық міндетіне, яғни скопосқа бағынады.

1990-жылдардан бастап аударматануда аударма сапасын бағалаудың жаңа парадигмалары пайда бола бастады. Katharina Reiss өз еңбектерінде аударма сапасын бағалаудың функционалдық критерийлерін әртүрлі мәтін типтеріне қатысты анықтайды (ақпараттық, экспрессивті, апеллятивті), және осы типтердің әрқайсысы үшін сапа көрсеткіштері де өзгеше болуы тиіс екенін алға тартады. Мысалы, апеллятивті мәтіндерде (жарнама, үндеу) стиль мен прагматикалық әсер шешуші рөл атқарса, ақпараттық мәтіндерде дәлдік пен анықтық басым болады [3].

Осылайша, функционализм қағидаттарына негізделген бағалау тәсілдері аударма сапасын көпөлшемді, контекстуалды және мақсатқа бағдарланған процесс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл қазіргі кәсіби аударма тәжірибесінде де кеңінен қолданылады, себебі ол тапсырыс берушінің және соңғы пайдаланушының қажеттіліктеріне икемделген сапа критерийлерін орнатуға жағдай жасайды.

Ғылыми және оқу саласы бойынша шет тілінен ана тілімізге аударылған оқулықтар осы уақытқа дейін зерттеу нысаны болмады. Бұл сала бойынша тың жұмыс. Аударылып адресаттарға жол тартқан оқулықтардың сапасын бағалау бойынша алғаш рет әлеуметтік лингвистикалық талдау жүргізу, отандық аударма сапасын бағалау ісіне өз үлесін қосатыны анық.

КІРІСПЕ

«Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры 2018 жылдан бастап гуманитарлық пәндер бойынша жоғары оқу орындарына арналған 100 оқулықты [4] тікелей шетел тілдерінен (негізінен ағылшын тілінен) қазақ тіліне аударылуы осы саладағы нақты серпіліс деп санауға болады. Жарияланған өнімнің сапасын анықтау, мақсатты аудиторияның мүддесі үшін болашақта оны жақсарту бағыттарын анықтау, әртүрлі реципиенттердің аударма сапасын бағалау критерийлерін анықтау, сондай-ақ болашақ аудармашыларды дайындау үшін дидактикалық материалдарды құрастыру мақсатында жүйелі лингвистикалық талдауды қажет ететін аударма мәтіндерінің үлкен корпусы пайда болды.

Қазақстанда бұрын-соңды адресаттардың аударма сапасына қанағаттану дәрежесі бойынша ресми ресімделген әлеуметтік сауалнамалар жүргізілген жоқ, сондықтан «сыртқы сапаны бағалау» ұғымын енгізу біздің еліміздегі аударма ғылымы мен дидактикасы үшін жаңа нәрсе деуге болады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – зерттеу нысаны болып табылатын филология оқулықтарының аударма нұсқасының аударма сапасына сырттай бағалау процедурасын әзірлеу және жүргізу.

Зерттеу жұмысының міндеті – филология саласы бойынша қазақ тіліне аударылған бес оқулыққа («Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры баспасында жарық көрген) білім алушылар мен оқытушылардың аударма сапасын сырттай бағалауға қатысты көзқарастары мен пікірлеріне талдау жүргізу.

Зерттеу жұмысының нысаны – аударылған оқулықтардың аударма сапасына қатысты сауалнама нәтижелері.

Батыс аударма теоретиктері 70-ші жылдардың басынан бастап АСБ мәселесін белсенді түрде дамытып, осы сапаны анықтайтын нормалар, стандарттар мен критерийлер

мәселелерін қарастырды. Juliane House [5], Anthony Pym [6], Gideon Toury [7], Mona Baker [8], Christiane Nord [9], секілді ғалымдар аударма сапасын бағалауға арнаған біріз еңбектер жазды.

Juliane House аударма сапасын бағалауға арналған модель ұсынды. Аталмыш модель аударма сапасын бағалау үшін қолдануға болатын әртүрлі аспектілерді қамтиды. АСБ моделі мәтіндік және прагматикалық компоненттерден тұрады. Аударма кезінде мағына үш деңгейде сақтауды талап етеді-семантикалық, прагматикалық және мәтіндік. Juliane House АСБ моделін жаңа көзқараспен қайтадан қарады. Бұл модельде Холлидэй ұсынған регистрінің «Өріс» (Field), «Режим» (Mode) және «Тенор» (Tenor) классикалық тұжырымдамаларын қолданады [5].

Кирембве Рашид Абдул Хамид бастаған авторлар тобы аударма сапасын бағалау үшін аударма сапасының шкалаларын әзірледі [10]. Бұл шкалалар белгілі аударма үлгілерінен алынған аударма сапасын бағалауға арналған бес гипотетикалық құрылымнан тұрды. Оларға аудармашының мінездемесі, бастапқы мәтін материалының инициаторы, бастапқы мәтіннің сипаттамасы, аударма процесінің ерекшеліктері, тілдік сипаттама

Отандық зерттеушілер «Құдай тарихы: 4000 жылдық иудаизм, христиан және ислам іздеуі» дінтану оқулығының ағылшын тіліндегі түпнұсқасы және қазақша аудармасына функционалдық және прагматикалық аспектілерде талдау жүргізді [11, 114-124 б.].

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Негізгі кезең жобаға қатысушылардың филология бойынша басылып шыққан бес оқулықтың аударма сапасының сыртқы және ішкі бағалауын жүргізуімен байланысты. Осы мақсатта аударма сапасын сыртқы бағалау рәсімі әзірленді және жүргізілді.

Ғылым және оқу саласы аудармасының сапасына сырттай бағалау жүргізу үшін әлеуметтік лингвистикалық ретроспективті әдістер: информанттармен сұхбаттасу және сауалнама түріндегі сұрау және контент-талдау пайдаланылды. Бұл әлеуметтік лингвистикалық сауалнамаға филология пәндерінің оқытушылары және отандық жоғары оқу орындарының студенттері қатысты. Сауалнама нәтижелері жалпыланған топтық объективті пікір алу және оның сәйкестік дәрежесін бағалау үшін статистикалық әдістерді қолдану арқылы өңделді.

Сауалнамаға материал ретінде нақты материалдан (дереккөздерден) үзінділер пайдаланылды – бұл тіл білімі және әдебиеттану бойынша бес оқулық мәтіндерінің түпнұсқалары және олардың қазақ тіліне аудармалары. Филология бойынша бес оқулықтың аудармалары ашық қолжетімді. Қазақстандық жоғары оқу орындарының студенттері аударылған оқулықтарды семинар сабақтарына, емтихандарға дайындық үшін пайдаланады. Тіл білімі және әдебиеттану пәндері еліміздегі университеттерде өздерінің оқу бағдарламаларына сай әр түрлі семестрде жоспарланғандықтан, мақсатты аудиторияға сауалнама жүргізу үшін 2023-2024 оқу жылының кезеңі белгіленді. Сыртқы аударма сапасын бағалау процедурасынан алынған нәтижелерінің сенімділігі үлкен сандар заңымен анықталады.

Бұл ретте әлеуметтанулық сауалнамалардың этикалық нормалары (деректерді жинау кезеңі және нәтижелерді өңдеу сатысында алынған ақпаратты тек зерттеу мақсатында пайдалану; құпиялылық және жеке тұлғаны құрметтеу ережелерін сақтау; зерттеу кезінде моральдық немесе өзге де зиян келтірмеу және т.б. сақталды).

НӘТИЖЕЛЕР

Аударма сапасын бағалауды талдау барысында Д.М. Бузаджи моделі бойынша ішінара топтар мен категорияларға бөлінетін логикалық, синтаксистік, лексикалық және стилистикалық қателерді анықтау арқылы құрылымдық талдау жүргізіледі.

Өз кезегінде Е.А. Княжева оқу аудармасын бағалау кезінде қателердің өзіндік типологиясын ұсынады:

1. Семантикалық мазмұн деңгейіндегі қателер;

2. Мәлімдемені тілдік рәсімдеу деңгейіндегі қателер;

3. Аударма мәтінінің техникалық дизайны деңгейіндегі қателер [12].

Мұндай жіктеу педагогикалық зерттеу үшін ең оңтайлы болып табылады, алайда біздің жағдайда аударма сапасын бағалау үшін аударылған мәтіннің түпнұсқасына функционалды сәйкестік принципін бірінші орынға қоятын қателіктердің күрделірек жіктелуі туралы айту орынды болып табылады.

Жоба мүшелері студенттерден сұхбат алу үшін сауалнамалар құрастырды. Студенттер 2 топқа бөлінді:

1) Ағылшын тілі мамандық тілі болып табылатын ағылшын тілін («Аударма ісі», «Екі шет тілі», «Шетел филологиясы» мамандықтары) меңгерген студенттер;

2) Ағылшын тілі мамандық тілі болып табылмайтын «Қазақ тілі», «Лингвистика», «Филология» мамандықтары студенттері.

Сауалнама мен сұхбаттасу барысында келесі оқулықтар қарастырылды: С.Пинкер «Тіл – инстинкт», М.Райан, Д.Ривкин «Әдебиет теориясы: Кіріспе», С.Г.Тер-Минасованың «Тіл және мәдениетаралық коммуникация», В. Фромкин, Р. Родман, Н. Хайамс «Тіл біліміне кіріспе», Е. Торе Янсон «Тіл тарихы: Кіріспе»

Сауалнамаға ҚР жоғары оқу орындарының студенттері (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Е.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, «Астана-Тұран» университеті, А.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық университеті, Оңтүстік Қазақстан университеттерінен «Аударма ісі» және «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын қазақ тобының студенттері қатысты.

Сауалнамаларға осы зерттеу жобасының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін сұрақтар енгізілді.

Сауалнама барысында студенттер Ұлттық аударма бюросы аудармашыларының аудармасы мен түпнұсқа мәтінді салыстырды. А нұсқасы – ұлттық аударма бюросының аудармасы және В нұсқасы – жоба қатысушыларының аудармасы. Сауалнама барысында студенттер қай нұсқаны таңдағанын атап өтті және неге бұл аударма нұсқасын таңдағанын түсіндіруге тырысты. Негізгі мақсат студенттер аударма процесінде жіберілген қателіктерді көре ала ма және олар аударманың денотативті мағынасын түсінеді ме деген сұрақтарға жауап алу болды.

ҚР Ұлттық аударма бюросында «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» бағдарламасы аясында филология саласы бойынша басылып шыққан 5 оқулықтың аударма сапасын бағалау мақсатында Қазақстанның ЖОО-ның білім алушыларынан сауалнама алынып, сондай-ақ аталған оқулықтарды оқу процесінде пайдаланатын оқытушылармен сұхбат жүргізілді.

ТАЛҚЫЛАУ

Д.Бузаджи аударма сапасын бағалау бойынша аударма қателіктерін басты төрт топқа жіктелген:

1.Мәтіннің денотативті мағынасына байланысты мазмұндық қателер;

2.Түпнұсқаның стилистикалық ерекшеліктерін аударуға байланысты қателер;

3.Автордың бағасын беруге байланысты қателер. Бұл топ түпнұсқаның экспрессиясын бейтараптаумен байланысты;

4.Аударма тілі нормалары мен узусының қате берілуі [13].

Респондерттер туралы жалпы ақпарат.

Сауалнамаға 183 болашақ аудармашы мен 74 қазақ бөлімінің студенттері қатысты. Студенттердің негізгі бөлігі жоғары курста оқиды (87%). «Аударма ісі» бөлімінде оқитын

ISSN 2788-7979 (online)

студенттердің ағылшын тілі деңгейі, негізінен, орташа болып анықталды (50% - ортадан жоғары және жоғары). Дегенмен, ағылшын тілін мүлде білмейтін не өте бастапқы деңгейде білетіндер респонденттер 15% құрады.

Оқулықтарды қолдану бойынша мәліметтер.

Сауалнамаға қатысқан студенттердің айтарлықтай бөлігі аталған оқулықтарды пайдаланбайтынын көрсеткен. Мәселен, аудармашылардың 31%, ал қазақ тілі студенттерінің 57% оқулықтардың ешқайсысын пайдаланбайтынын атап көрсеткен. Аудармашылар арасында ең жиі пайдаланылатын оқулық С.Г. Тер-Минасованың «Тіл және мәдениетаралық коммуникация» болса, қазақ бөлімінің студенттері М. Райан, Д. Ривкиннің «Әдебиет теориясы: Кіріспе» оқулығын жиірек пайдаланады. Екі мақсатты топ үшін де сирек қолданылатын оқулық - С. Пинкердің «Тіл – инстинкті» (1-кесте).

1-кесте – Студенттердің оқулықтарды қолдану көрсеткіші

Оқулық атауы	Аудармашы студенттер	Қазақ бөлімінің студенттері
1. С. Пинкер «Тіл – инстинкт»	8%	0%
2. М. Райан, Д. Ривкин «Әдебиет теориясы: Кіріспе»	5%	16%
3. С.Г. Тер-Минасова «Тіл және мәдениетаралық коммуникация»	24%	4%
4. В. Фромкин, Р. Родман, Н. Хайамс «Тіл біліміне кіріспе»	16%	13%
5. Т. Янсон «Тіл тарихы: Кіріспе»	14%	5%
Ешқайсысын қолданбаймыз	31%	57%
Жауап жоқ	2%	4%

1. Мәтіннің денотативті мағынасына байланысты мазмұндық қателер.

Бұл категорияға қатысты студенттерге 3 сұрақ берілді.

Аудармашыларға берілген №5 сұрақта түпнұсқадағы ақпаратты аудармада бұрмалау қатесі меңзелген. Бұл қатені түпнұсқаны көріп тұрған аудармашы студенттердің 64% байқаған (1-сурет), ал қазақ бөлімінің студенттері үшін бұл қатенің денотативтік маңызы жоқ (студенттердің тек 42% ғана біздің нұсқаны таңдаған). Бір студент екі сөйлеммен де келіспейтінін, мағыналық байланысы жоқ екенін атап көрсеткен. Басылған аударма нұсқасын таңдаған қазақ бөлімінің студенттері сол нұсқада конкретизация бар екенін, яғни сөйлемнің нақты жазылғанын атап өтеді:



Сурет 1 – «Аударма ісі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттердің мазмұндық қателіктер бойынша №5 сұраққа берген жауаптары

Аудармашыларға берілген №7 сұрақ пен қазақ бөліміне берілген №5 сұрақта түпнұсқадағы денотативті ақпараттың бұрмалануы беріледі. Аударма қатесі ағылшын тілінің дыбыстау жүйесіне байланысты болғандықтан, аудармашы студенттер қатені

бірден байқаған, барлығы дерлік түзетілген нұсқаны таңдаған. Қазақ бөлімінің студенттері түпнұсқадан бейхабар болғандықтан, бұл қатені байқай алмаған. Дегенмен, түзетілген нұсқаның жүйелі, бір ізге түсірілгенін, «мәтін толық оқылғаннан кейін» жазылғанын, басылған нұсқаның анағұрлым «шашыраңқы» екенін атап өткен.

Сурет 2 – Қазақ бөлімі студенттерінің мазмұндық қателіктер бойынша №5 сұраққа берген жауаптары

2. Түпнұсқаның стилистикалық ерекшеліктерін аударуға байланысты қателер.

Зерттеушілер бұл бұрмалаушылықтарға қатысты болатын қателердің үш түрін көрсетеді: түпнұсқа мәтіннің функционалдық стилін немесе жанрлық ерекшеліктерін беруде жіберілетін қателік, түпнұсқаны калькалау, аударылатын тіл узусын бұзу [13].

Зерттеушілер атап көрсеткендей, аударма қателіктердің басқа түрлеріне қарағанда түпнұсқаның стилистикалық ерекшеліктерінің берілуіне байланысты туындайтын қателіктердің «үлес салмағы» айтарлықтай жоғары емес, бірақ бұндай қателіктер жиі орын алып жатса аударма бөліктерінің прагматикалық баламалылығы күмән тудырып, аударма мәтінінің тұтастай сәйкестігіне нұқсан келуі мүмкін. Сапасы жоғары болып саналатын, әрі оқырманды қанағаттандыра алатын аудармада қателіктердің екінші тобы: түпнұсқаның стилистикалық сипаттамасын беруге байланысты бұрмалаушылықтардың мейлінше аз кездесуі немесе болмағаны жөн деп есептеледі.

Сауалнама нәтижелері.

Сауалнама нәтижесі бойынша «Аударма ісі» білім беру бағдарламасы студенттерінің ағылшын тілін меңгеру деңгейі жалпы алғанда Intermediate (орта) & Upper Intermediate (ортадан жоғары) 81 % құрады. Қазақ бөлімінде білім алатын студенттерге қарағанда аудармашылар сауалнама сұрақтарына жауап беруде белсенділік көрсетті.

Қателіктердің 2-тобына байланысты берілген аудармалардың қайсысында стильдік бұрмалаушылықтар бар? Жауабыңызды түсіндіріңіз.

If my personal synthesis seems to embrace both sides of debates like «formalism versus functionalism" or "syntax versus semantics versus pragmatics», perhaps it is because there was never an issue there to begin with. (С. Пинкер).

А. Егер мен ұсынған «формализм мен функционализм» немесе «синтаксис, семантика және прагматика» сияқты синтездік кешенді тұжырымдамалар, қалыптасқан ұғым-түсініктер төңірегінде пікірталас туатын болса әрі *оқшау-оқшау үйектерді біріктіру үдерісіне оң әсер етсе*, онда аталған құбылыстардың өз арнасын тапқаны деп білемін.

В. Мен ұсынған синтез «формализм-функционализм», «синтаксис-семантика-прагматика» арасындағы пікірталаста екі тарапты да жақтайтын болып көрінсе, онда мұндай пікірталасқа себептің болмағаны да шығар.

ISSN 2788-7979 (online)

Студенттердің 37.3% баспа ұсынған нұсқаны дұрыс деп белгілесе, 60.8% біздің ұсынған аударма нұсқасымен келісетіндіктерін көрсеткен. Тек 2% студент бұл сұрақты жауапсыз қалдырған.



Сурет 3 – «Аударма ісі» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушы студенттердің мазмұндық қателіктер бойынша №10 сұраққа берген жауаптары

Тапсырма стильдік бұрмалаушылықтарға байланысты болғандықтан аударма студенттер А нұсқасындағы мәтіннің қабылдауға қиындау екенін көрсетіп, нұсқадағы «*оқшау-оқшау үйектерді біріктіру үдерісіне оң әсер етсе»* сөз тіркесінің түпнұсқаға сәйкес емес деп көрсетеді. Біздің ойымызша, бұндай тілдің көріктеу құралдары көркем әдеби стильіне тән болғандықтан, оқулықта қолдану түпнұсқаның стильдік бұрмалануына ықпалын тигізеді, әрі БТ мен АТ арасындағы сәйкессіздікті туғызады. Сондай-ақ аударма студенттер А нұсқасында *егер, немесе, әрі, онда* деген қыстырма сөздердің жиі қолдану да стильдік қателіктер деп орынды көрсеткен. В нұсқасын түпнұсқаға сәйкес, стильдік бұрмалаушылық жоқ, түсінуге жеңіл деп көрсеткен.

Осы сауалнама қазақ бөлімінің студенттеріне де берілген болатын. Айырмашылығы - оларға ағылшын тіліндегі түпнұсқа берілмей, тек А және В нұсқалары берілді. Қазақ бөлімінің студенттері бұл тапсырмаға төмендегідей жауаптарын берген, яғни дәлме-дәл мысал келтірмей. жалпылама айтып өткен.

- Стильдік жағынан түсінікті болды.
- В нұсқасының мағынасы бірден түсінікті;
- Қиын сөйлемдер, екінші сөйлем дұрыс деп ойлаймын;
- «В» Себебі құрамы дурыс, ретімен жазылған;
- В жауабының мағынасы дұрыс, әрі түсінікті деп ойлаймын.

Қорытындылай келсек, аударма студенттер де, қазақ бөлімінде білім алушылар да біздің тарапымыздар берілген В нұсқасын дұрыс деп көрсеткен.

Қазақ бөлімінің студенттеріне арналған сауалнаманың 20-сұрағы:

Берілген сөйлемдердің қайсысында қазақ тілі нормалары, стилі дұрыс сақталған? Жауабыңызды түсіндіріңіз.

А. Антуан Сент-Экзюперидің («Кішкентай ханзада» шығармасының авторы) «Сөз мағынасы оның ішінде емес, біздің сол сөзге деген қатысымызда» деген сөзін талқылаңыз. Бұны дұрыс деп ойлайсыз ба, жартылай дұрыс па, әлде дұрыс емес пе? Көзқарасыңызды дәлелдеп, қажет болса, мысалдар ұсыныңыз.

В. «Кішкентай ханзада» повестінің авторы Антуан де Сент-Экзюперидің «Сөздің мағынасы сөздің өзінде емес, оның ішіндегі сол сөзге деген көзқарасымызда» деген сөзін талқылап көріңізші. Қалай ойлайсыз, сіздің ойыңызша, бұл шындық па, ішінара шындық па әлде жалған ба? Қажет болса мысалдар келтіре отырып, өз көзқарасыңызды дәлелдеңіз.



Сурет 4 – Қазақ бөлімі студенттерінің мазмұндық қателіктер бойынша №20 сұраққа берген жауаптары

Сауалнамаға қатысқан студенттердің 54,1 % В нұсқасын белгілесе, 23,0 % А нұсқасын, ал 4,1 % екі нұсқасы да дұрыс деп, 18,9 % қалыс қалған. В нұсқасын белгілеген студенттер А нұсқасындағы «жартылай дұрыс па, әлде дұрыс емес пе» деген сөз тіркестерінің көбінесе ауыз екі сөйлеу стильіне тән деп көрсеткен (3 курс).

А нұсқасындағы «Сөз мағынасы оның ішінде емес, біздің сол сөзге деген қатысымызда» деген сөйлемді көпшілік студенттер бір контексте бір сөздің немесе түбірлес сөздердің себепсіз қайталануы деп дұрыс көрсеткен деген пікірдеміз. Стильдік қателіктердің туындауына әкелетін себептердің бірі - тавтологиялық сөз қолданысының салдары. Қазақ бөлімінің студенттері бұндай қателікті таба алған. Дегенмен екі нұсқаны да дұрыс деп көрсеткен студенттер де кездеседі. Олар «оғаш қателіктер көріп тұрған жоқпын», «мен үшін екі нұсқа да түсінікті», «екінші рет оқығаннан соң екі нұсқа да түсінікті болды» деген сияқты жауаптарымен түсіндірген. Біздің ойымызша, бұндай тапсырмаларға талдау жасауда түпнұсқамен таныс емес қазақ бөлімінің студенттердің қазақ тілінің стилистикасын дұрыс меңгеруі де айтарлықтай рөл атқарған.

Ал аудармашы студенттер берілген түпнұсқа мен аударылған нұсқаларды салыстыра отырып талдау жасағандықтан олардың көпшілігі түпнұсқаға сәйкес келуіне және оқырманға түсінікті болуы жағына назар аударған.

Жалпы айтар болсақ, сауалнамаға қатысқан екі мамандықтың студенттері де түпнұсқаның стилистикалық ерекшеліктерін аударуға байланысты қателіктерді дұрыс көрсете білген.

3. Автордың бағасын беруге байланысты қателер. Бұл топ түпнұсқаның экспрессиясын бейтараптаумен байланысты.

«Аударма ісі» білім беру бағдарламасы бойынша оқып жатқан студенттерге арналған сауалнамада сонымен қатар аударманың қай нұсқасының экспрессивті реңкі дұрыс берілгендігін анықтап, жауаптарын түсіндіру ұсынылды. Бұл жердегі негізгі мақсат студенттер жалпы аударма түсінікті ме, түсінбейтін лексемалар, терминдер кездеседі ма деген сауалға жауап алу болатын. Студенттерге түпнұсқадағы сөйлем және оның екі аудармасы ұсынылды. А-нұсқасы Ұлттық аударма бюросының аудармасы болса, Б-нұсқасы жоба мүшелерінің ұсынған аудармасы.

Мысалы, *Nineteenth-century linguists generally thought that languages in societies where the material culture is not very advanced were simpler and somehow less highly developed than the languages we speak in Western societies (Т. Янсон).*

А.XIX ғасыр лингвистері материалдық байлық аса дамымаған қоғамда тілдер қарабайыр, қарадүрсін деген пікірде болған.

ISSN 2788-7979 (online)

Б. XIX ғасыр тіл мамандары өркениетті батыс елдерінің қоғамындағы сөйлеу ерекшеліктеріне қарағанда, материалды және мәдени тұрғыда айтарлықтай дамымаған қоғамның тілі қарапайым, жеңіл деп есептеген.

Аталмыш аударма бойынша, студенттердің басым бөлігі аудармадағы «қарабайыр», «қарадүрсін» сөздерінің мағынасын түсінбегендігі белгілі болды. Студенттердің көпшілігі Б-нұсқасын таңдаған. Студенттер жауаптарын келесідей түсіндірген:

-*Бірінші сөйлемде қарадүрсін және қарабайыр деген сөздер түсініксіз, оны оқырманға қарапайым сөзбен жеткізген жөн;*

-*Екінші нұсқа анық, толық аударма, экспрессивті реңкі дұрыс тасымалданған деп ойлаймын;*

-*Бұл нұсқаны таңдаған себебім, ол лексиканың түсініктілігінде, яғни оқырмандардың басым бөлігі текстті түсінеді. А-нұсқасында экспрессия мол;*

-*қарабайыр, қарадүрсін сөздері тым әдеби стиль түсініксіз;*

- *қарабайыр, қарадүрсін сөздері ғылыми стильге сай емес қолданылған.*

Бұл жерде адресаттар - ЖОО-ның студенттері мен оқытушылары. Студенттердің басым бөлігі *қарабайыр, қарадүрсін* сөздерінің мағынасын түсіне алмады. Біріншіден, студенттердің әдеби шығармаларды аз оқитындығын көрсетсе, екіншіден, студенттерге таныс сөзорамдарын қолдану оларға әлдеқайда түсінікті екендігін көрсетеді.

4. Аударма тілі нормалары мен узусының қате берілуі

Сауалнама нәтижесін талдай келе, ағылшын тілі деңгейі жоғары студенттер сұрақтардың қателіктердің қай тобына жататынына қарамастан, үзінділерді талдап, сұрақтарға жақсы әрі толық жауап бергені анықталды. Студенттердің басым көпшлігі 1 және 4 топқа жататын қателіктер: мәтіндердің денотативтік мазмұнына байланысты мағынасын жеткізудегі қателіктер мен аударма тілінің нормасы мен қолданылуының бұзылуына байланысты қателіктер тобын бірден тапқан.

Алайда, 2 және 3-топқа жататын түпнұсқаның стильдік белгілерін беруге байланысты қателіктер тобы мен авторлық бағалауды жеткізуге байланысты қателер кейбір қиындықтар мен пікірлердің қайшылықтарын тудырды. Мүмкін мұны студенттердің басым көпшілігі үзінділер алынған жоғарыда аталған оқулықтармен таныс емес екендігімен, оқулықтарды дәрістер мен практикалық сабақтарда қолданбауымен түсіндіруге болатын шығар.

Д.М.Бузаджи және т.б. анықтамасы бойынша аударма қателіктерінің 4-тобы, яғни аударма тілінің нормасы мен қолданылуының бұзылуына (аударма тілінің орфографиялық және пунктуациялық нормаларын бұзу; жалқы есімдерді дұрыс аудармау; транскрипцияланған шетелдік сөздердің дұрыс берілмеуі; аударма тілінің стилистикалық нормаларының айқын бұзылуына байланысты қателер, сандық деректердің нақты түрлерін (ондық белгілер мен бөлгіштер, күндер мен уақыт бірліктері, салмақ пен өлшемдер және т.б.) берудегі бұзушылықтарға байланысты қателер, мәтіннің осы түріне қатысты аударма тіліне қойылған дизайн талаптарының бұзылуы) [13, 34-75 бб.] байланысты қателерге толығырақ тоқталайық..

Сауалнама нәтижесін талдай келе, ағылшын тілі деңгейі жоғары студенттер сұрақтардың қателіктердің қай тобына жататынына қарамастан, үзінділерді талдап, сұрақтарға жақсы әрі толық жауап бергені анықталды. Студенттердің басым көпшлігі 1 және 4 топқа жататын қателіктер тобын бірден тапқан. Оның ішінде 4-топқа (5, 13, 14, 17 сұрақтар) жататын, транскрипцияланған шетелдік сөздердің дұрыс берілмеуіне байланысты қателерде (5) «heteroglossic» сөзінде *о* әрпінің орнына *е* әрпін жазып, «гетереглоссия» деп аударған. Аудармашы мамандығы бойынша оқитын респонденттердің 70% бұл қатені бірден анықтаған.

Аударма тілінің орфографиялық және пунктуациялық нормаларын бұзу; жалқы есімдердің дұрыс аударылмауына байланысты қателерді анықтау барысында (13, 14 сұрақтарда) «*құпия* сөзі дұрыс жазылмаған, орфографиялық қате бар, *ү* емес, *ұ* әрпі болуы тиіс», «қазақша аудармада түпнұсқадағы тыныс белгілері сақталмаған», «аудармада

ISSN 2788-7979 (online)

түпнұсқадағы жақшаның ішіндегі қысқарған сөз аударылмай кеткен», «сыртқы істер министрлігі емес министрі болуы керек» деген пікірлер қалдырған.

Осы қателіктер тобына жататын келесі мысалда аударма тіліне қойылған дизайн талаптарының бұзылуы анық байқалып (14) респонденттер «мұғалім сөзі дұрыс жазылмаған, дұрысы мұғалім», «орысша нұсқадан аударылғандай көрінеді», «бірнеше орфографикалық қателер бар», «*-ов* дегенді орысшадан алған ғой, ағылшынша түпнұсқасында *-s* деп тұр, қазақша көпше түрінің жалғауы болуы керек», «тыныс белгілері сақталмаған» деген сияқты пікірлерімен бөліскен.

Осы топтағы сандық деректердің дұрыс берілмеуіне байланысты сұрақта (17) «сандар түпнұсқада берілмеген», «336-337 беттер деген сөз түпнұсқада мүлдем жоқ», «аударманда түпнұсқада кездеспейтін ақпарат бар», «мистер емес мырза деп аударған дұрыс деп ойлаймын» деген пікірлер бар.

Мысалы:

(17) Beryl and Mr. Florence bring a new perspective to the narrator's family, and sometimes that new perspective is disturbing of what the family considers customary and normal. What are some ways in which this occurs? And what is Munro after by drawing your attention to them? Note especially the cow milking episode (М. Райан, Д. Ривкин).

А. Бэрил мен мистер Флоренс Никтің отбасын жаңа қырынан ашады. Осындай жағдайлар романның тағы қай жерлерінде кездеседі? Оқырман назарын аударғаннан кейінгі Манро отбасын қалай бейнелейді? Әсіресе 336–337-беттердегі сиыр сауу эпизодына назар аударыңыз.

В. Бэрил мен Флоренс мырза баяндаушы адамның отбасын жаңа қырынан көрсетті. Кейде бұл жаңа көзқарас отбасы әдеттегі және қалыпты деп санайтын нәрселері жайлы алаңдатушылық туғызады. Бұл қандай жерлерден байқалады? Ал Манро оларға сіздің назарыңызды не үшін аударды? Әсіресе сиыр сауу эпизодына назар аударыңыз.

Сауалнама нәтижелерін саралай келе Д.М.Бузаджи және т.б. анықтамасы бойынша аударма қателіктерінің 4-тобына жататын 17-сұрақтың жауаптарын толығырақ талдайтын болсақ, респондеттердің 18% баспа аудармасымен келісіп, «А нұсқасында автор ниеті, стиль секілді аспектілер сақталған», «В нұсқасында түпнұсқаны тікелей аударған, сырт көзге қарағанда екінші нұсқа сәйкес келетіндей, ақпараттар нақты әрі түсінікті» десе, респондеттердің 78% жоба мүшелері ұсынған аударма нұсқасымен, яғни В нұсқасымен келісетіндігін айтып, «В нұсқасында сандық деректер дұрыс аударылған», «жалқы есімдер де дұрыс берілген», «А нұсқасында түпнұсқада кездеспейтін ақпарат бар, сандар түпнұсқада жоқ, 336-337 бет деген сөз түпнұсқада мүлдем берілмеген, «мистер емес» мырза деп аударған дұрыс деп ойлаймын», «Флоренс мырза» деп жазылғаны дұрыс», «В нұсқасы нақты, терең аударылған» деген пікірлерімен бөліскен. Ал респонденттердің 4% мүлдем ешбір нұсқаны таңдамаған. Осы сұрақтың талдауын диаграмма күйінде пайыздық көрсеткіштермен бейнелейтін болсақ келесідей көрініс шығады.



Сурет 5 – «Аударма ісі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттердің аударма қателіктерінің 4-тобы, яғни аударма тілінің нормасы мен қолданылуының бұзылуына байланысты қателер тобына жататын №17 сұраққа берген жауаптары



Сурет 6 – Жалпы көрсеткіштер.

Жалпы алғанда, барлық респонденттердің (257) 54% біз ұсынған жауапты таңдаған. 11% жуық студенттер басқа жауаптар берген (мүлде жауап бермеген не екі нұсқаны да таңдаған, т.б.). Аудармашы студенттердің 54% біздің нұсқамызды қолдаған, бұл олардың жоғарыда аталған тілдік дайындық деңгейімен барабар (ағылшын тілі деңгейі 50% құраған болатын) болуы мүмкін, себебі аударманы талдау машығы, ең алдымен, екі тілді де жетік білуді талап етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, әлеуметтік және лингвистикалық аспектіде аударманың сапасын бағалау, белгілі бір нәтижеге қол жеткізу дегеніміз – отандық аударма сапасын көтерудің бірден бір жолы болып табылады. Аударма сапасын көтеру арқылы аударма сапасының мәдениетін қалыптастыра аламыз. Филология саласындағы көпшілігі тікелей қазақ тіліне аударылған 5 оқулық бойынша еліміздің ЖОО студенттерінен алынған сауалнама нәтижелеріне қорытынды жасай келе мынадай тұжырым жасадық:

- түпнұсқа мазмұны мен аударманың баламалылығы қарым-қатынастық тұрғысынан алғанда олардың тепе-теңдігінің көрсеткіші болып табылады. Сондықтан да бұл мәселені тереңірек зерттеу алдағы уақыттың еншісінде;
- сауалнама нәтижесі бойынша аудармашы мамандығындағы студенттер мәтіннің стильдік ерекшеліктерін, экспрессивті реңкін нақты ажырата алмаған, ал түпнұсқа мен аударылған мәтінді салыстыруда аудармашылық талдау жасай білген;
- қазақ бөлімінің студенттері стильдік ерекшеліктің берілуіне дұрыс баға бере білген, экспрессивті реңктің сақталуына экспрессиясы жоғары лексикалық бірліктері бар сөйлемдерді дұрыс деп таныған;
- ең жиі, әрі толық танылған қателіктердің түрі – орфографиялық қателіктер. Алайда, пунктуациялық қателіктерге студенттер аса назар аудармаған. Ескеретін жайт, түпнұсқамен таныс емес, аудармасының екі нұсқасымен танысып, сауланамаға жауап берген қазақ бөлімінің студенттері аудармадағы қате калькаларды дұрыс деп қабылдаған.

«Аударма ісі» мамандығында білім алушы студенттер түпнұсқадағы мәтіннің толық, дәлме-дәл, кей жағдайда сөзбе-сөз аударылуына баса назар аударса, қазақ бөлімінің студенттері аударма нұсқаның түсінікті, бейімделген, нақтыланған болуын құптаған. Түпнұсқамен таныс емес оқырман түпнұсқаның денотативті мазмұнының толық сақталуын емес, аударманың рецепиентке ұғымды болуын негізге алады.

Жүргізілген зерттеудің құндылығы осы жұмыстың тиісті білім саласына қосқан үлесі болып табылады. Сонымен қатар алынған мәліметтер негізінде аудармашыларды оқытудың сыртқы және ішкі АСБ процедурасының әдістемесі әзірленеді.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми жобасы бойынша ЖТН AP19680449 «Аударма сапасын бағалау: ғылым және оқу салалары» тақырыбы бойынша гранттық қаржыландыру шеңберінде жарияланды.

Сауалнамаға қатысушылар құрамында жоғарыда көрсетілген авторлардан басқа, 2023 жылғы жобаға қатысушылар А.А. Алдабергенова мен Ж.Ж. Манапбаева да болды (алайда аталған авторлар 2024 жылы жобаға қатыспады). Журнал талабы бойынша мақала авторларының саны 4 адамнан аспауына байланысты авторлар қатарында олардың аты-жөні көрсетілмеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Nida E. Toward a science of translating. Brill academic Pub, 2003. – 331 p.
2 Vermeer H. J. Skopos and Commission in Translational Action. In A. Chesterman (Ed.), Readings in Translation Theory. Routledge, 2021. – pp.1-12.
3 Reiss K. Translation Criticism – The Potentials and Limitations: Categories and Criteria for Translation Quality Assessment. Routledge, 2014. – 140 p.
4 Ұлттық аударма бюросы. 100 кітап. – 2018. https://100kitap.kz/kz/books (қаралған күні: 20.07.2023).
5 House J. Translation Quality Assessment: Past and Present. Routledge, 2015. – 170 p.
6 Pym A. Active Translation Literacy in the Literature Class. Cambridge university press, 2023. PMLA. – Vol. 138, Issue 3. – pp. 819-823.
7 Gideon T. A handful paragraphs on “Translation” and “Norms”. Current issues in Language and Society // Taylor & Francis Group, 1998. – Vol. 5, no.1. – pp. 10-32.
8 Baker M. In other words, a coursebook on translation. Routledge, 2001. – 317 p.
9 Nord C. Text Analysis in Translation: Theory, Methodology, and Didactic Application of a Model for Translation-Oriented Text Analysis. Amsterdam-Atlanta: Rodopi, 1991. – 250 p.
10 Kirembwe R. et.al. Translation Quality Scales: A Comprehensive Pilot Analysis for Translation Quality Assessment Constructs Extracted from Translation Models. Faculty of Major Language Studies (FPBU). Universiti Sains Islam Malaysia, 2020. – pp. 1-8.
11 Жұмабекова А.Қ., Ауелбекова А.Е. Ғылыми дискурстың баламалылығына жету аспектілері // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филологиялық сериясы. – 2021 – №1. – 114-124 б.
12 Княжева Е.А. «Аударма сапасын бағалау» курсының құрылымы мен мазмұны // Таңдау пәні бойынша аудармашылар дайындау: ұжымдық монография / жалпы ред. Н.Н. Гавриленко. – Москва.: Флинта баспасы, 2022. – 166-196 б.
13 Бузаджи Д.М., Гусев В.В., Ланчиков, В.К., Псурцев Д.В. Аударма қателіктерінің жіктелуіне жаңа көзқарас – М.: Всерос. Аударма орталығы, 2009. – 120 б.

Материал 28.02.2025 баспаға түсті

Оценка качества перевода: социолингвистические аспекты

А.К. Жумабекова[1], А.М. Куркимбаева[2], Н.Р. Шенгелбаева[1], А.З. Мухитов[1]
[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, 050010, Республика Казахстан

[2]Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Аблай хана, Алматы, 050000, Республика Казахстан

Оценка качества услуги является важнейшим показателем исследовательской работы. В научно-образовательной сфере Казахстана проведение исследований по совершенствованию оценки качества перевода (далее – ОКП), формулирование конкретных предложений, основанных на выводах зарубежных ученых, подготовка к созданию, распространению и внедрению четких критериев ОКП является одним из наиболее актуальных вопросов на сегодняшний день.

В Казахстане ранее не проводилось официальное социологическое исследование степени удовлетворенности потребителей качеством переводов. Поэтому введение понятия "Внешняя оценка качества" станет новизной в области переводоведения и дидактики в нашей стране.

Цель исследовательского проекта - разработать и внедрить процедуру внешней оценки качества научного перевода с точки зрения потребителей перевода. Для достижения данной цели необходимо проведение тщательного анализа реакции пользователей на внешнюю оценку качества перевода (ВОКП) пяти учебников по филологии, переведенных и изданных Фондом "Национальное бюро переводов" на казахском языке.

Для проведения внешней оценки качества научного и учебного перевода использовались социолингвистические ретроспективные методы, включающие проведение интервью с преподавателями филологии и переводоведения, а также анкетирование в форме контент-анализа студентов казахстанских вузов.

Результаты опроса были обработаны с помощью статистических методов.

Ключевые слова: оценка качества перевода, переводоведение, анализ перевода, казахский язык, английский язык, социолингвистический опрос.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Nida E. Toward a science of translating. Brill academic Pub, 2003. – 331 p.

2 Vermeer H. J. *Skopos and Commission in Translational Action*. In A. Chesterman (Ed.), *Readings in Translation Theory*. Routledge, 2021. – pp.1-12.

3 Reiss K. *Translation Criticism – The Potentials and Limitations: Categories and Criteria for Translation Quality Assessment*. Routledge, 2014. – 140 p.

4 Национальное бюро переводов. 100 книг. – 2018. https://100kitap.kz/kz/books (дата обращения: 20.07.2023).

5 House J. Translation Quality Assessment: Past and Present. Routledge, 2015. – 170 p.

6 Pym A. Active Translation Literacy in the Literature Class. Cambridge university press, 2023. PMLA. – Vol. 138, Issue 3. – P. 819-823.

7 Gideon T. A. handful paragraphs on “Translation” and “Norms”. Current issues in Language and Society // Taylor & Francis Group, 1998. – Vol. 5, no.1. – P. 10-32.

8 Baker M. In other words, a coursebook on translation. Routledge, 2001. – 317 p.

9 Nord C. Text Analysis in Translation: Theory, Methodology, and Didactic Application of a Model for Translation-Oriented Text Analysis. Amsterdam-Atlanta: Rodopi, 1991. – 250 p.

10 Kirembwe R. et.al. Translation Quality Scales: A Comprehensive Pilot Analysis for Translation Quality Assessment Constructs Extracted from Translation Models. Faculty of Major Language Studies (FPBU). Universiti Sains Islam Malaysia, 2020. – P.1-8.

11 Жумабекова, А.К., Ауелбекова, А.Е. Аспекты достижения эквивалентности научного дискурса // Вестник Торайгыров университета. Филологическая серия. – 2021 – №1. – С. 114-124.

12 Княжева Е.А. Структура и содержание курса «Оценка качества перевода» // Подготовка переводчиков дисциплины по выбору: коллективная монография / под общ. Ред. Н.Н. Гавриленко. – Москва.: Флинта, 2022. – С.166-196.
13 Бузаджи, Д.М., Гусев, В.В., Ланчиков, В.К., Псурцев, Д.В. Новый взгляд на классификацию переводческих ошибок – М.: Всерос. центр перевода, 2009. – 120 с.

Материал поступил в редакцию журнала 28.02.2025

Translation quality assessment: socio-linguistic aspects

A. Zhumabekova[1], A. Kurkimbayeva[2], N. Shengelbayeva[1], A. Mukhitov[1]
[1]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan
[2]Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan

Assessing the quality of any service is a key indicator of its effectiveness. In Kazakhstan's scientific and educational landscape, the enhancement of Translation Quality Assessment (TQA) is a critical issue, requiring the formulation of practical proposals based on international research and the development of standardized evaluation criteria. Despite the growing demand for high-quality translations, Kazakhstan has not previously conducted an official sociological study to measure consumer satisfaction with translation services. Therefore, the introduction of the concept of External Quality Assessment represents a novel contribution to the fields of Translation Studies and translation didactics in the country.

The objective of this research project is to develop and implement a procedure for the external assessment of scientific translation quality from the perspective of translation consumers. The study focuses on evaluating user responses to the TQA of five philology textbooks translated into Kazakh by the National Translation Bureau Foundation.

To conduct the external quality assessment, the study employed socio-linguistic and retrospective methods, including interviews with university instructors in Philology and Translation Studies, as well as content analysis-based surveys administered to students from various Kazakhstani universities. The collected data were processed using statistical methods to generate a collective, objective assessment and measure the level of agreement among participants.

Key words: translation quality assessment, Translation Studies, translation analysis, Kazakh language, English language, sociolinguistic survey.

REFERENCES

1 Nida, E. (2003). *Toward a science of translating*. Brill academic Pub. – 331 p. [in English].
2 Vermeer, H.J. (2021). *Skopos and Commission in Translational Action.* In A. Chesterman (Ed.*)*, Readings in Translation Theory. Routledge. – pp.1-12. [in English].
3 Reiss, K. (2014). *Translation Criticism – The Potentials and Limitations: Categories and Criteria for Translation Quality Assessment.* Routledge. – 140 p. [in English].
4 National bureau of translators. (2018). “100 books”, available at: https://100kitap.kz/kz/books (Accessed 20 July 2023) [in Kazakh].
5 House, J. (2015). *Translation Quality Assessment: Past and Present*. Routledge. [in English].
6 Pym, A. (2023). *Active Translation Literacy in the Literature Class*. Cambridge university press. PMLA, Vol. 138, issue 3, pp. 819-823. [in English].
7 Gideon, T. (1998). A handful paragraphs on “Translation” and “Norms”. Current issues in Language and Society, Vol. 5, no.1, pp. 10-32. [in English].
8 Baker, M. (2001). *In other words, a coursebook on translation*. Routledge. – 317 p. [in English].

9 Nord, C. (1991). *Text Analysis in Translation: Theory, Methodology, and Didactic Application of a Model for Translation-Oriented Text Analysis*. Amsterdam-Atlanta: Rodopi. – 250 p. [in English].
10 Kirembwe R. et.al (2020). *Translation Quality Scales: A Comprehensive Pilot Analysis for Translation Quality Assessment Constructs Extracted from Translation Models*. Faculty of Major Language Studies (FPBU). Universiti Sains Islam Malaysia (USIM), pp.1-8. [in English].
11 Zhumabekova, A.K., Auyelbekova, A.Y. (2021). *Ǧılımï diskurs balamalılığına jeti aspektileri* [Aspects of achieving the equivalence of scientific discourse]. // Bulletin of Toraigyrov university. Philology series. – №1, pp. 114-124. [in Kazakh].
12 Knyazheva, E.A. (2022). Struktura i soderzhanie kursa *Ocenka kachestva perevoda* // (Podgotovka perevodchikov: discipliny po vyboru: kollektivnaja monografija [Structure and content of the course "Translation Quality Assessment" / Training of translators of an elective discipline: collective monograph / edited by. Ed. N.N. Gavrilenko.]. – M.: Flinta, pp. 166-196. [in Russian].
13 Buzadzhi, D.M., Gusev, V.V., Lanchikov, V.K. and Psurcev, D.V. (2009). *Novyj vzgljad na klassifikaciju perevodcheskih oshibok* [A new look at the classification of translation errors]. – M.: Vseros. Centr. perevodov. – 120 p. [in Russian].

Received: 28.02.2025

МҒТАР 16.21.51 DOI: 10.59102/kufil/2025/iss2pp105-118

Ә.Қ. Жүнісқали[1], Г.О. Сыздыкова[1], А.Ш. Юсупова[2]
[1]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы
[2]Қазан федералдық университеті, Қазан, 420008, Ресей Федерациясы

ҚАЗАҚ ҚИЯЛ-ҒАЖАЙЫП ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ «ҚАСҚЫР» ЭТНОМӘДЕНИ КОННОТАЦИЯСЫ

Мақалада қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі «қасқыр» зоонимінің этномәдени коннотациясы қарастырылады.

Ғылыми зерттеудің мақсаты – «қасқыр» зоонимінің қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотациясына тілдік тұрғыда жан-жақты талдау жүргізу.

Зерттеудің өзектілігі қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі «қасқыр» этномәдени коннотациясының ерекшеліктерін анықтау қажеттілігіне байланысты түсіндіріледі. Мақалада «коннотация» терминінің зерттелу тарихы, анықтамасы берілді, қиял-ғажайып ертегілеріндегі «қасқыр» зоонимінің этномәдени ерекшеліктері мен тарихи-тілдік контексті ашылды, ертегілерден нақты мысалдар негізінде сараланды.

Тақырыпты зерттеу барысында тілдік деректерді жинақтау, жүйелеу, баяндау, талдау, салыстыру әдістері қолданылды, нәтижесінде «қасқыр» зоонимінің жағымды және жағымсыз коннотаттық мағыналары анықталды.

Зерттеудің нәтижесі «қасқыр» этномәдени коннотациясының фольклор тілі тұрғысынан зерттелуі қазақ тіл білімінің лингвофольклортануы, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, әлеуметтік лингвистика т.б. жаңа бағыттарының теориялық мәселелерін тереңдете қарастыруға көмектеседі.

Кілт сөздер: коннотация, қасқыр, қиял-ғажайып ертегілер, этномәдени коннотация, зооним.